



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 11 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 1 сәуір**

***Жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми-
практикалық форумы туралы***

2013 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің енгізілуінің 20 жылдығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Магистратурасының 10 жылдығына орай іс-шаралардың шеңберінде ұйымдастырылған «Қазақстанның қаржы нарығын дамытудың заманауи императивалары» атты жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми-практикалық форумы өтті.

Бұл форумның жұмысына қаржы нарығының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, рейтингтік агенттіктердің өкілдері, сондай-ақ Ресей Федерациясының Орталық Банкінен, Украина Ұлттық Банкінен, Беларусь Республикасының Ұлттық Банкінен шақырылған спикерлер қатысты.

Форумда макроэкономика және ақша-кредит саясатының мәселелері, банк секторының тұрақты өсу факторлары, инвестициялық институттардың проблемалары мен перспективалары және қаржы секторының басқа да өзекті мәселелері талқыланды.

Қаржы нарығының сарапшыларымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Магистратурасы магистранттарының баяндамалары дайындалып, тыңдалды.

Барынша толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 377 13 25; E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz; www.finmba.kz)